

1993 жылғы 22 қаңтардағы Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою саласындағы өзара іс-қимыл туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 қазандағы № 842 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1993 жылғы 22 қаңтардағы Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою саласындағы өзара іс-қимыл туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. 1993 жылғы 22 қаңтардағы Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою саласындағы өзара іс-қимыл туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 2 8 қ а з а н д а ғ ы
№ 8 4 2 қ а у л ы с ы м е н
мақұлданған
Жоба

1993 жылғы 22 қаңтардағы Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою саласындағы өзара іс-қимыл туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 1993 жылғы 22 қаңтардағы Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою саласындағы өзара іс-қимыл туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) қатысушы мемлекеттердің үкіметтері төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастықты жетілдіруге ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің 9-бабының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекетаралық кеңес өз жұмысында осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Ережені басшылыққа алады.».

2-бап

Келісім «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекетаралық кеңес туралы ереже» деген қосымшамен толықтырылсын (қоса беріліп отыр).

3-бап

Келісім мынадай мазмұндағы 10.1-баппен толықтырылсын:
«Келісімге қатысушылардың келісуі бойынша осы Келісімге тиісті хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.».

4-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап күшіне енеді.

5-бап

Осы Хаттама күшіне енгеннен кейін депозитарийге қосылу туралы құжатты тапсыру арқылы Келісімге қатысушы кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық. Қосылатын мемлекет үшін Хаттама депозитарий қосылу туралы құжатты алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

2015 жылғы «__» _____ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған мемлекеттің әрқайсысына оның расталған көшірмесін жібереді.

*Әзербайжан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Армения Республикасының
Үкіметі үшін*

Ресей Федерациясының

Тәжікстан Республикасының

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін

Түрікменстан Үкіметі

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының

Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін

Украина Үкіметі

Молдова

Республикасының

Үкіметі үшін

Қосымша

«1993 жылғы 22 қаңтардағы
Табиғи және техногендік сипаттағы
төтенше жағдайлардың алдын алу және
олардың салдарын жою саласындағы
өзара іс-қимыл туралы келісімге
қосымша

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекетаралық кеңес туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекетаралық кеңес (бұдан әрі – Кеңес) 1993 жылғы 22 қаңтардағы Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою саласындағы өзара іс-қимыл туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) сәйкес құрылды және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (бұдан әрі – ТМД) салалық ынтымақтастық органы болып табылады.

2. Кеңес өз қызметінде жалпыға бірдей танылған халықаралық қағидаттар мен халықаралық құқық нормаларын, ТМД жарғысын, ТМД шеңберінде жасалған халықаралық шарттарды, ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің, Сыртқы істер министрлері кеңесінің және Экономикалық кеңесінің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Кеңес өз қызметінде ТМД Үкімет басшылары кеңесіне есеп береді.

4. Кеңес өз қызметін ТМД Атқарушы комитетімен және ТМД басқа салалық ынтымақтастық органдарымен тығыз өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

5. Кеңес Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес төтенше жағдайлардың алдын алуға және оларды жоюға жауапты мемлекеттік билік органдарының басшыларынан құралады.

Кеңес мүшелерінің орнын алмастыратын тұлғаларды Кеңес отырысына жіберген кезде, олардың өкілеттіктері расталуға тиіс. Өкілеттіктер Кеңес Хатшылығы арқылы олар туралы кеңеске қатысушыларға ақпарат беретін Кеңес төрағасына ұсынылады.

Келісімге қатысушы әрбір мемлекет Кеңесте бір дауысқа ие.

Кеңес шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

Кеңес құрамына кеңесші дауыс құқығы бар оның хатшысы мен ТМД Атқарушы комитетінің өкілі кіреді.

II. Кеңестің міндеттері мен функциялары

1. Кеңестің негізгі міндеттері:

Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес төтенше жағдайлардың алдын алуға және оларды жоюға жауапты мемлекеттік билік органдарының өзара іс-қимылын ұйымдастыруға жәрдемдесу;

төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу;

төтенше жағдайларды болжау және мониторингтеу кезінде жалпы әдістемелік тәсілдерді әзірлеу;

ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің, Сыртқы істер министрлері кеңесінің және Экономикалық кеңесінің төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мәселелері бойынша шешімдерін орындауға жәрдемдесу болып табылады.

2. Кеңестің функциялары:

Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес төтенше жағдайлардың алдын алуға және оларды жоюға жауапты мемлекеттік билік органдарының жедел өзара іс-қимылын ұйымдастыруға қатысады;

Келісімге қатысушы мемлекеттердің халқын және аумағын төтенше жағдайлардан қорғауды жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

кең ауқымды және трансшекаралық төтенше жағдайлардың алдын алуға және оларды жоюға бағытталған бірлескен іс-қимыл жоспарларын әзірлейді;

бірлескен оқу-жаттығуларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысады;

төтенше жағдайлардың туындау қаупін төмендету және олардың ауқымын азайту бойынша мемлекетаралық бағдарламаларды, жобалар мен іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдеседі;

бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар жүргізуге, ғылыми-техникалық жетістіктер туралы ақпарат алмасуға, әдістемелік және технологиялық құжаттамамен, арнайы мерзімді басылымдармен алмасуға жәрдемдеседі ;

ТМД басқа органдарымен өзара іс-қимыл жасайды және қажет болған кезде

олармен бірлескен отырыстар өткізеді;
табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою үшін ТМД Күштері корпусын басқару органын тағайындайды, оның құрамын, жұмыс регламентін айқындайды және оның қызметін бақылайды;
табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою үшін ТМД Күштері корпусына бөлінетін күштердің құрамы, оларды қолдану тәртібі бойынша ұсыныстар әзірлейді;
төтенше жағдайлардың туындауы (туындау қатері) туралы өзара ақпарат беруді ұйымдастырады;
төтенше жағдайларды жою барысында халықаралық ұйымдармен жұмыс байланыстарын жүзеге асырады;
өз құзыреті шегінде өзге функцияларды жүзеге асырады.

III. Кеңестің құқықтары

Өз міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін Кеңестің:

1. Келісімге қатысушы мемлекеттердің тиісті министрліктері мен ведомстволарынан қол жеткізу сұрау салынатын мемлекеттің заңнамасында шектелмейтін, өз функцияларын орындауға қажетті ақпаратты, сондай-ақ Кеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпаратты сұратуға және алуға.
2. Кеңес дайындаған құжаттардың жобаларын белгіленген тәртіппен ТМД органдарының қарауына енгізуге.
3. Кеңес қызметінің жекелеген бағыттары бойынша нақты міндеттерді шешу үшін қажет болған жағдайда жұмыс топтарын құруға.
4. Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласында Келісімге қатысушы мемлекеттердің өзара іс-қимылын дамытуға және жетілдіруге бағытталған іс-қимылды жүзеге асыруға.
5. Өз жұмысының регламентін әзірлеуге және бекітуге, сондай-ақ оған өзгерістер енгізуге құқығы бар.

IV. Кеңес жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі

1. Кеңес жұмысы Келісімге қатысушы мемлекеттерде Кеңес отырыстарын кезекпен өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Кеңес өз жұмысын өзі бекіткен жоспарлардың негізінде ұйымдастырады.

2. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі. Кезекті отырысты өткізу орны Кеңестің алдыңғы отырысында айқындалады. Кеңестің кезектен тыс отырысы Кеңестің кез келген мүшесінің бастамасымен және Кеңес мүшелері көпшілігінің келісімімен шақырылуы мүмкін.

Кеңес отырысы, егер оның мүшелерінің немесе олар уәкілеттік берген тұлғалардың

жартысынан көбі қатысса, заңды болады.

3. Кеңеске төрағалық етуді Келісімге қатысушы әрбір мемлекет өзінің өкілі атынан кезекпен, егер Кеңес өзгеше белгілемесе, мемлекеттер атауларының орыс әліпбиі тәртібімен, әдетте, бір жыл ішінде жүзеге асырады.

Кеңестің алдыңғы және кейінгі төрағалары оның тең төрағалары болып табылады. Кеңес төрағасы уақытша болмаған жағдайда оның міндеттері тең төрағаларының біріне жүктеледі.

4. Кеңес төрағасы:

Кеңес қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асырады;

Кеңес отырыстарын өткізеді;

ТМД органдарында белгіленген тәртіппен Кеңес атынан өкілдік етеді;

Кеңестің тапсырмасы бойынша басқа ұйымдармен өз құзыреті шегінде олардың жұмыс топтары деңгейінде байланыста болады және оны дамытады;

Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес төтенше жағдайлардың алдын алуға және оларды жоюға жауапты мемлекеттік билік органдары арасында өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

Кеңес қызметін қамтамасыз етуге байланысты өзге іс-қимылды жүзеге асырады.

5. Кеңес мүшесінің жұмыс топтарының қызметі, қабылданған шешімдер туралы қажетті ақпарат алуға, сондай-ақ Кеңес құзыреті шегінде кез келген мәселелерді талқылауға енгізуге құқығы бар.

6. Кеңес мүшелерінің келісуі бойынша оның отырысында Келісімге қатысушы мемлекеттердің қоғамдық ұйымдарының өкілдері, Келісімге қатысушылар болып табылмайтын ТМД мемлекеттерінің өкілдері, сондай-ақ үшінші мемлекеттердің, мемлекетаралық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері байқаушылар ретінде қатыса алады.

7. Кеңестің әрбір келесі отырысының алдын ала күн тәртібі Кеңестің кезекті отырысында айқындалады.

Күн тәртібіне ұсыныстар құжаттардың алдын ала жобалары немесе олардың тұжырымдамалары түрінде енгізіледі.

Мәселені күн тәртібіне енгізу туралы шешімді Кеңес қабылдайды.

Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес төтенше жағдайлардың алдын алуға және оларды жоюға жауапты мемлекеттік билік органдары Кеңеске оның жұмысы бойынша қажетті жәрдем көрсетеді.

8. Кеңес шешімдері отырысқа қатысатын Кеңес мүшелерінің бәтуаластығы негізінде қабылданады. Бәтуаластық қаралатын мәселе бойынша шешім қабылдау үшін кедергі ретінде Кеңес ұсынатын отырысқа қатысып отырған мүшелерінің ең болмағанда бірінің ресми қарсылығының болмауы ретінде айқындалады. Кеңестің кез келген мүшесі қандай да бір мәселеге өзінің мүдделі еместігі туралы мәлімдеуі мүмкін, бұл шешім қабылдау үшін кедергі болып табылмайды.

Рәсімдік мәселелер, оның ішінде отырысты ашуға/жабуға, оны жүргізуге, күн тәртібінің жобасына ұсыныстар енгізуге және күн тәртібін, жұмыс регламентін қабылдауға, байқаушыларға сөз беруге қатысты мәселелер қатысып отырған Кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен шешіледі.

Шешімдер қабылдау қажет болған жағдайда Кеңес отырыстары арасында Кеңес Хатшылығы ТМД-ның Атқарушы комитетімен бірлесіп, Кеңес төрағасының нұсқауы бойынша ол белгілеген мерзім ішінде Кеңестің әрбір мүшесі қолтаңбасының төлнұсқасын пайдалана отырып, шешім қабылдауды ұйымдастырады. Қол қоюға қатысып отырған Кеңес мүшелерінің соңғы қол қойған күні шешім қабылдау күні болады.

9. Келісімге қатысушы қандай да бір мемлекеттің мүддесін берген тұлға болмаса оның мүдделерін тікелей қозғайтын Кеңес шешімдері білдіретін мүшесі немесе олар уәкілеттік қабылданбайды.

10. Төтенше жағдайларға жедел ден қою кезінде Кеңес жұмысы ахуалға қарай Кеңес төрағасы айқындайтын айрықша тәртіппен жүзеге асырылады.

V. Кеңес Хатшылығы

1. Кеңес Хатшылығының функцияларын Кеңесте төрағалық ететін Келісімге қатысушы мемлекеттің мемлекеттік билік органы ТМД Атқарушы комитетінің тиісті құрылымдық бөлімшесімен бірлесіп жүзеге асырады.

2. Кеңес Хатшылығы мынадай функцияларды орындайды: қабылдаушы тараппен бірлесіп, Кеңестің кезекті отырыстарын өткізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

Кеңес мүшелерінің қызметін ұйымдастырушылық, құжаттамалық және ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

Кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде Кеңес отырыстарының күн тәртібінің жобаларын қалыптастыру және оларға жұмыс материалдарын дайындау;

Кеңес отырыстарына құжаттардың жобаларын дайындау және келісу; түсетін материалдарды жалпылау және оларды Кеңес мүшелеріне жіберуді ұйымдастыру;

Кеңес мүшелерімен Кеңес қызметінің мәселелері бойынша хат алмасуды қамтамасыз ету;

Кеңес қабылдаған шешімдердің орындалу дәрежесін көрсететін мәліметтерді жалпылау;

Кеңесті ТМД басқа органдарының және халықаралық ұйымдардың қызметі туралы қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету.

3. Кеңес хатшысын Кеңес төрағасы тағайындайды.

Мемлекеттік билік органының өкілі Кеңес хатшысы, оның басшысы Кеңесте

төрағалық етеді, ал ТМД Атқарушы комитетінің өкілі хатшының орынбасары болып табылады.

4. Кеңес Хатшылығы туралы ережені Кеңес бекітеді.

VI. Қаржыландыру

1. Кеңес отырыстарын өткізуді қаржыландыруға байланысты шығыстар аумағында Кеңес отырысы өткізілетін Келісімге қатысушы мемлекеттің мемлекеттік билігінің тиісті органы есебінен жүзеге асырылады.

2. Кеңес мүшелерінің және отырысқа қатысушылардың іссапар шығыстарын мемлекеттік биліктің жіберуші органдары және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ұйымдары жүзеге асырады».

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК